

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика  
және байланыс университеті» коммерциялық  
емес акционерлік қоғамы



go  
iversity

Бекітемін  
«Ғұмарбек Дәукеев  
атындағы Алматы  
энергетика және байланыс  
университеті»  
коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының

ректоры

Ғ.С. Нығыметов  
2025 ж.



**Университеттің студенттік жатақханаларында тұратындар үшін  
қауіпсіздік және еңбек қорғау жөніндегі нұсқаулық**

1-БАСЫЛЫМ

Қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілді

Алматы, 2025 жыл

## МАЗМҰНЫ

1. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптары.....	3
2. Жатақхана аумағында және үй-жайларында қауіпсіздік талаптары.....	3
3. Өрт қауіпсіздігі талаптары.....	4
4. Электр қауіпсіздігі талаптары.....	5
5. Санитарлық-гигиеналық қауіпсіздік талаптары.....	7
6. Апаттық жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары .....	7
7. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ .....	10

## 1. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптары

1.1. Осы нұсқаулық КеАҚ «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» студенттік жатақханаларында тұратын тұлғалардың университет аумағында және үй-жайларында қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарын белгілейді (бұдан әрі — жатақхана тұрғындары).

1.2. Студенттік жатақханаға қоныстанғанға дейін жатақхана тұрғындары қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан өтуге міндетті. Нұсқамадан өтпеген тұлғаларды қоныстандыруға жол берілмейді.

1.3. Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау талаптарын бұзған жағдайда жатақхана тұрғындары Қазақстан Республикасының заңнамасына және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауаптылықта болады.

1.4. Жатақхана тұрғындары міндетті:

- ішкі тәртіп ережелерін және тұрғын орын-жайды жалға алу келісімінің шарттарын сақтау;
- осы нұсқаулықтың, қауіпсіздік техникасының, өрт және электр қауіпсіздігінің талаптарын орындау;
- алғашқы өрт сөндіру құралдарының, медициналық қобдишаның, негізгі және қосалқы эвакуациялық шығулардың орналасуын білу;
- алғашқы өрт сөндіру құралдарын (өрт сөндіргіш, өрт қраны) қолдана білу;
- өзіне және айналасындағыларға қауіп төндіретін әрекеттерге жол бермеу;
- тұрмыстық электр құрылғыларын қауіпсіз пайдалану;
- төтенше жағдайлар, жаракат алу немесе ауру белгілері анықталған кезде жатақхана қызметкерлеріне дереу хабарлау.

## 2. Жатақхана аумағында және үй-жайларында қауіпсіздік талаптары

2.1. Ғимарат аумағында жүрген кезде тұратындарға тыйым салынады:

- ғимарат қабырғалары бойымен жүру және тұру (жоғарыдан заттар, мұз, қар немесе шатыр элементтері құлау қаупі болған жағдайда);
- ғимараттың шатырына, ағаштарға, қоршауларға, техникалық құрылымдарға шығу;
- канализациялық, инженерлік және басқа да люктерге түсу;
- басқа тұрғындардың қозғалысына кедергі келтіретін немесе олардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайлар туғызу.

2.2. Жатақхана аумағында және дәліздерде қозғалу кезінде жатақхана тұрғындары міндетті:

- баяу қадаммен жүру, аяқты бақылау;
- дәліздің оң жағымен жүру;
- жүгірмеу, күрт бұрылмау, қауіпті маневр жасамау;
- қозғалыс кезінде телефонмен сөйлеспеу, гаджеттерге алаңдамау.

2.3. Келесі жағдайларда сақ болу қажет:

- сыртқа қарай ашылатын есіктердің жанынан өткенде (дәлізде);
- терезе ойықтары, әйнек витриналары мен мөлдір конструкциялар жанында жүргенде;
- орталық жылыту батареяларының жанында, әсіресе еден жуылғаннан кейін;
- баспалдақтардың дымқыл немесе тайғанақ учаскелерінде, сондай-ақ қозғалысқа кедергі келтіретін заттар жанында.

2.4. Қозғалыс жолының енінің жартысынан артығын алып қоюға тыйым салынады.

2.5. Баспалдақпен қозғалу кезінде міндетті:

- орнатылған жерлерде сүйеніштерден ұстау;

- бірнеше баспалдақтан секіріп өтпеу;
  - сүйеніштерге асылмау;
  - қолды қалтада ұстамау;
  - алдында жолды жауып қалатындай алдында көлемді зат ұстап жүрмеуге;
  - артпен жүрмеу;
  - перилаға отырып, аяқпен тұруға, перила бойымен сырғанауға тыйым салынады.
- 2.6. Жатақхана аумағында және үй-жайларында тыйым салынады:
- сұйықтықтарды төгу, қалам, қарындаш, жеміс қабығы сияқты заттарды еденге тастау;
  - коқыс қалдыру, үй-жайды қажетсіз заттармен толтыру;
  - дәліздер мен өтетін жолдарды бұғаттау.
- 2.7. Өткір заттарды (қайшы, біз, пышак) қолданғанда сақтық шараларын сақтау қажет.
- 2.8. Ас үй пайдалану кезінде тұрғындар:
- айналасына мұқият болуға, бір-бірін итермеуге;
  - күйік алмау үшін абай болуға;
  - қазанның немесе шәйнектің қақпағын ашқанда буды өзінен ары қарай бұруға;
  - ыстық ыдыстармен жұмыс істегенде қалпақшалар (прихватка) мен құрғақ шүберек қолдануға;
  - майды немесе сұйықтықты плитаға немесе еденге төкпеуге;
  - қайнап тұрған ыдыстың үстіне еңкеймей, қауіпсіз арақашықтықты сақтауға міндетті.
- 2.9. Жатақханаға әкелуге және қолдануға тыйым салынады:
- спирттік ішімдіктер;
  - есірткі, психотроптық, уытты және улы заттар;
  - алкогольдік, есірткілік немесе уытты мас күйінде жатақхана аумағында болу.
- 2.10. Жатақханаға әкелуге, көрсетуге және қолдануға тыйым салынады:
- атыс қаруы, газды, пышак тәрізді суық қару, пневматикалық және лақтырмалы қарулар;
  - жарылғыш заттар, пиротехника, жарылғыш құрылғылар;
  - кескіш және шаншитын заттар (асхана және кеңсе заттарынан басқа);
  - өнеркәсіптік немесе қолдан жасалған оқ-дәрілер мен құрылғылар.
- 2.11. Тұратындарға тыйым салынады:
- қалтада қауіпті заттар (шеге, түйреуіш, ине, лезвие, қайшы, пышак және т.б.) алып жүруге;
  - терезе пердесінің үстіне аяқпен тұруға немесе отыруға, терезе ашық/жабық кезде терезеден еңкеюге;
  - терезеден заттар мен тағамдарды лақтыруға;
  - орталық жылыту батареяларына және құбырларға отыруға;
  - орындықта шайқалу, үстелге шығу, тумбаға, жабдыкка, терезе алдына көтерілу;
  - гүлдер суару, кітап қою, құжат қою мақсатында жабдыкка немесе терезе алдына шығу;
  - төтенше жағдайдан басқа, ілінген өрт сатысына шығу;
  - үй жануарларымен немесе қаңғыбас жануарлармен байланысу (ауада да, ғимарат ішінде де).
- 2.12. Тұрғындарға келесі әрекеттерді жасауға тыйым салынады (жаракат алу қауіпі болғандықтан):
- өз міндетіне кірмейтін жұмыстарды орындау;
  - жатақхананың техникалық және шаруашылық үй-жайларына (электрқалқан бөлмесі, қойма, жертөле, шатыр және т.б.) кіру.

### 3. Өрт қауіпсіздігі талаптары

#### 3.1 Жатақханада тұратындарға тыйым салынады:

- жатақхана ішінде және аумақта (арнайы белгіленген орындардан басқа) темекі шегу;

- пиротехникалық бұйымдарды (петарда, фейерверк, ракета және т.б.) алып келу, сақтау және қолдану;
- тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтықтарды (бензин, керосин, еріткіштер, сырлар, лактар), құрғақ спиртті және шамдарды сақтау;
- газ баллондарын, керосин және май шамдарын қолдану;
- аумақта от жағу немесе ашық от қолдану;
- өрт сөндіру құралдарын (өрт сөндіргіш, өрт краны) және дабыл жүйелерін мақсатынан тыс пайдалану;
- өрт қауіпсіздігі белгілерін, қолмен іске қосылатын хабарлағыштарды бүлдіру;
- үй-жайларды қокыспен, жанғыш материалдармен ластау;

### 3.2 Тұратындар міндетті:

- ғимараттың ішкі жоспарлануын, баспалдақ алаңдарының, негізгі және қосалқы эвакуациялық шығулардың орналасуын білу;
- алғашқы өрт сөндіру құралдарының орналасуын және оларды дұрыс қолдану тәртібін білу;
- электр қондырғыларын тек ұнтақ немесе көмірқышқыл өрт сөндіргішпен ғана сөндіруге болатынын есте сақтау;
- өрт туралы дабыл сигналы берілген кезде дереу эвакуациялауға кірісу;
- түтін, күйік иісі, қызу байқалған жағдайда дереу жатақхана қызметкерлеріне хабарлау;

### 3.3 Жатақхана тұрғындарының бөлмеде өрт шыққан жағдайдағы әрекеті:

- өрт туралы 101 немесе 112 нөміріне дереу хабарлау;
- вахтерге немесе әкімшілікке хабарлау;
- қауіп төндірмей, мүмкін болған жағдайда өртті алғашқы құралдармен сөндіру;
- тез киініп, құжаттарды және қажетті заттарды алу;
- терезені жабу, электр құрылғыларын өшіру (қауіпсіз болса);
- бөлмеден шығып, есікті пломбаламай жабу;
- эвакуация жоспарына сәйкес негізгі немесе қосалқы шығу арқылы ғимараттан шығу;
- эвакуация орнына келіп, қызметкерге өзіңіз келгеніңізді хабарлау;

### 3.4 Жатақхана тұрғындарының бөлмеден тыс жерде өрт шыққан жағдайдағы әрекеті:

- дереу 101 немесе 112 қызметіне хабарлау;
- бөлмедегі терезе мен есікті жауып, ғимараттан шығу;
- дәлізде қатты түтін болса, бөлмеде қалып, есік саңылауларын тығыздап жабу;
- терезе арқылы көмек сұрап белгі беру;
- тыныс алу жолдарын дымқыл мата арқылы қорғау.

## 4. Электр қауіпсіздігі талаптары

### 4.1. Жатақханада тұратындарына тыйым салынады:

Қауіпті немесе сертификатталмаған электр құралдарын пайдалану:

- ашық қыздыру элементі бар электржылытқыш құралдарды алып келу, сақтау және пайдалану (электр плиткалары, рефлекторлар, су қайнатқыштар және т. б.);
- тұрмыстық емес, сертификатталмаған немесе өздігінен жасалған электроприборлар мен ұзартқыштарды пайдалану;
- ақауы бар электр жабдықтарын пайдалану (розеткалар, ұзартқыштар, ажыратқыштар, шамдар, тройниктер).

Электр желісі мен сымдарды дұрыс пайдаланбау:

- розеткаларға бөгде заттарды немесе ашық сымдардың ұштарын енгізу;

– электр сымдарын тұсқағаздармен, пленкамен, скотчпен немесе басқа материалдармен жабу;

– ашық электросымды әктеу немесе бояу;

– ажыратқыштарды немесе розеткаларды зат ілу үшін қолдану;

– желілік сүзгісіз ұзартқыштарды пайдалану.

Электр техникалық жұмыстарды өз бетінше орындауға тыйым салынады:

– жарықтандырғыштарды, розеткаларды, ажыратқыштарды, сымдарды өздігінен орнату немесе бөлшектеу;

– жарық беру құрылғыларын, ажыратқыштарды, розеткаларды, электросымдарды жөндеу;

– тұрмыстық техника мен оқу жабдықтарын техникалық қызмет көрсетуге тырысу;

– жасырын электр сымы бар қабырғаларды тесу немесе бұрғылау.

Өрт қаупін тудыратын әрекеттер:

– жарық шамдарының плафондары мен қақпақтарын шешу, шамдарды қағазбен немесе жанғыш материалмен орау;

– әкімшіліктің рұқсатынсыз жана жылдық шырша немесе электргирлянда орнату;

– электр құралдарын қараусыз қосулы қалдыру;

– бір розеткаға бірнеше тройник немесе ұзартқышты қосу арқылы электр желісін шамадан тыс жүктеу.

4.2. Электр құралдарын пайдалану кезінде тыйым салынады:

Су мен электрдің жанасуы:

– электр құралдарын ылғал немесе су қолмен қосу/өшіру;

– вилканы розеткаға су қолмен енгізу;

– металл, су немесе дымқыл еденде диэлектрлік төсенішсіз жұмыс істеу.

Ақаулы жабдықты қолдану:

– сым оқшаулауы бүлінген, вилкасы сынған, күйік немесе күйген иіс шығаратын, корпусы бүлінген жабдықты пайдалану;

– жанасқанда ток соғатын құралдарды пайдалану.

Қауіпсіздік ережелерін бұзу:

– жұмыс істеп тұрған электр құралдарына немесе қызған метал конструкцияларына қол тигізу;

– бір уақытта электр құралдарына және металл элементтерге (радиатор, су құбыры, кәріз құбыры) қол тию;

– электр құралдарын кернеу астындағы металл конструкцияларға 2 метрден жақын орналастыру;

– электр құралдарының үстіне суы бар ыдыстар қою (жәмілдер, стакан, ваза);

– ток бар кезде шамдарды, патрондарды, сақтандырғыштарды шешу немесе орнату;

– электр құралдарының сымдарын тартып немесе жұлқып шығару — вилканы тек корпусынан ұстау керек;

– сымдардың бұралуына, тартылуына немесе қысылуына жол беру;

– электр сымының және вилканың оқшаулауын бүлдіру;

– ұзартқыштар мен сымдарды жерге, өтетін жолдарға, адамдар жүретін жерлерге қою.

4.3. Қосымша тыйым салынатын әрекеттер:

– ұзартқыштардың сымдарына аяқ басу немесе олардың үстіне ауыр зат қою;

– су құбырынан су толтырылып жатқанда электржылытқыштарды қосулы қалдыру (шайнек, самауыр және т. б.);

– ақаулы немесе сертификатталмаған электр құралдарын пайдалану;

– электр қауіпсіздігі талаптарын бұзып тұрмыстық техниканы қолдану.

#### 4.4. Бөлмеден кеткен кезде міндетті:

- барлық электр құралдарын және жарықты толық өшіру;
- розеткалардың шамадан тыс жүктелмегенін тексеру;
- ұзақ уақытқа шыққанда электр құралдарының штепсельдерін розеткадан ажырату.

## 5. Санитарлық-гигиеналық қауіпсіздік талаптары

### 5.1. Жатақхана тұратындары міндетті:

- тұрғын бөлмелерде, асүйде, демалыс бөлмесінде, санитарлық тораптарда, душ, дәліздер және өзге де ортақ үй-жайларда тазалық пен тәртіпті сақтау;
- тұрғын бөлмелерді ішкі тәртіп ережесіне сәйкес дер кезінде тазалау;
- жеке гигиена ережелерін сақтау: тамақ ішер алдында, тазалық жұмыстарынан кейін, түрлі жұмыстарды орындаған соң және дәретханадан кейін қолды сабындап жуу;
- жазу үстеліне табиғи жарық сол жағынан түсетіндей орналастыру; жеткіліксіз жарық болған жағдайда жалпы немесе жергілікті жарықты қосу;
- тамақ әзірлеу және қолдану кезінде санитарлық нормаларды сақтау;
- тағам өнімдерін жабық ыдыста, ластанудан қорғалған күйде сақтау.

### 5.2. Жатақхана тұратындарына тыйым салынады:

Қауіпті химиялық заттар мен аэрозольдер:

- күйдіргіш, улы, жарылғыш немесе уытты заттарды (қышқылдар, сілтілер, пестицидтер, сынап және т.б.) алып келу және сақтау;
- құрамында улы немесе қауіпті компоненттері бар заттарды сақтау;
- аэрозольді өзін-өзі қорғау құралдарын (бұрыш баллоншалары және т.б.) қолдану.

Қалдықтарды дұрыс тастамау:

- унитазға, раковинаға немесе басқа санитарлық құрылғыларға бөгде заттар (шүберектер, киім, аяқ киім, бөтелкелер және т.б.) тастау;
- органикалық немесе тұрмыстық қалдықтарды арнайы орындарға тастамау;
- тұрғын бөлмелерде немесе ортақ аймақтарда антисанитариялық жағдай туғызу.

Санитарлық нормаларды бұзу

- жатақхана бөлмелерінде уытты химикаттармен жұмыс істеу;
- желдеткіш арналарының торларын қағазбен, матамен немесе жиһазбен жабу;
- бөлмелерді желдету кезінде қарсы бағыттағы терезе мен есіктерді қатты желде ашып, сквозняк жасау;
- алкогольдік ішімдіктерді, есірткілік, психотроптық немесе уытты заттарды тұтыну;
- сақтау талаптары бұзылған немесе жарамдылық мерзімі өткен өнімдерді қолдану;
- санитарлық қауіптілігі бар тағам өнімдерін алып келу немесе тарату.

Денсаулыққа қауіпті жағдайлар:

- жұқпалы немесе паразиттік ауру белгілері болған кезде жатақханаға келуге тиісті;
- ауру белгілері (температура, бөртпе, жөтел және т.б.) байқалған жағдайда медициналық пунктке дереу хабарласу керек;
- үй жануарларын немесе қаңғыбас жануарларды жатақханаға алып келуге тыйым салынады.

## 6. Апаттық жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары

### 6.1. Апаттық жағдай туындаған кездегі жалпы талаптар:

Өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін кез келген жағдай пайда болғанда (өрттің шығуы, түтін пайда болуы, жаракат алу, заттардың құлау қаупі, құрылым элементтерінің бұзылуы, есік-терезе әйнектерінің сынуы, сылақтың түсуі, металл конструкциялардың коррозиясы және т.б.) жатақханада тұратындар міндетті түрде:

- жатақхана меңгерушісіне;
- вахтерге;
- немесе жатақхана қызметкеріне дереу хабарлауға міндетті.

Апаттық жағдайды бірінші болып байқаған адам қауіпсіздік шараларын қабылдауы және басқа тұрғындардың қауіпті аймаққа жақындауына жол бермеуі тиіс.

## 6.2. Өрт шыққан кездегі іс-қимылдар:

Өрт белгілері анықталған кезде (түтін, күйік иісі, ашық жалын):

1. Дереву хабарлау:
  - өртке қарсы қызметке — 101 немесе 112 нөмірлеріне;
  - жатақхана меңгерушісіне;
  - вахтерге.
2. Мүмкіндік болған жағдайда:
  - электр құралдарын, жарықты, электр желісіне қосылған басқа құрылғыларды ажырату.
3. Егер қауіпсіз болса, өрттің ошағын анықтап, алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіш, өртке қарсы көрпе, ішкі өрт крандары) сөндіруге әрекет жасау.
4. Егер өртті өз күшіңізбен сөндіру мүмкін болмаса, тұрғындар эвакуация жоспарына сәйкес дереу ғимараттан шығуы керек.
5. Ғимарат бойынша өрт дабылы беріледі, одан кейін ақпарат 101/112 қызметіне жеткізіледі.
6. Эвакуация кезінде:
  - тез, бірақ асықпай және абыржымай қозғалу;
  - дәліздің оң жағымен жүру;
  - жүгіруге, итеруге болмайды;
  - топпен қозғалғанда бір-бірінің қолынан ұстап, ешкімнің қалып қоймауын қадағалау;
  - көмек қажет ететін адамдарға қолдау көрсету.
7. Дәлізде қатты түтін болса:
  - мұрын мен ауызды дымқыл матамен жабу;
  - еңкейіп немесе еңбектеп жүру.
8. Қажет жағдайда зардап шеккендерге алғашқы (дәрігерге дейінгі) көмек көрсету.
9. Ғимараттан шыққаннан кейін:
  - жеке заттарды алу үшін қайта кіруге қатаң тыйым салынады;
  - эвакуация жоспары бойынша белгіленген жиналу орнына бару қажет.

## 6.3. Террористік акт қаупі немесе басқа төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдар

Төмендегі жағдайлар туралы ақпарат түскенде:

- террористік акт жасау қаупі;

- жарылғыш, химиялық немесе басқа да қауіпті заттарды қолдану қауіпі;
- белгісіз адамдардың күдікті әрекеттері;
- басқа төтенше жағдайлар, жатақханада тұратындар:
  1. Жатақхана және Университет әкімшілігінің нұсқауларын қатаң орындауға;
  2. ТЖ кезінде қауіпсіздік бойынша ресми ұсынымдарға сәйкес әрекет етуге;
  3. Эвакуация туралы бұйрық берілген жағдайда жедел түрде қауіпті аймақты тастап шығуға;
  4. Күдікті заттар, иістер, адамдар немесе әрекеттер туралы вахтерге немесе әкімшілікке дереу хабарлауға міндетті.

### ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					
9					
10					
11					
12					
13					
14					
15					
16					
17					
18					
19					
20					
21					
22					
23					
24					